

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
Жаратылыстану факультеті.**

**Тақырыбы: *Химия пәнін меңгеруде
даралап оқыту әдісін қолдану ерекшелігі.***

**Орындаған: 4-курс студенті Есиркепова А.К.
Ғылыми жетекші: х.ғ.к., доцент Керімбаева К.З.**

Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған “100 нақты қадам” атты жолдауында “XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығыраққа тірелері анық”, - дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы мамандар қорын жасау қажеттігін баса айтқаны баршаға мәлім.

Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастырылатын болды. Жеке тұлғаға жету үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шыңдап, жөн сілтеп, адам дәрежесіне келтіру керек. Демек, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бұның өзі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, даму, тәрбиелеу, әр баланың қабілетін, дарынын ашу мұғалімдер қауымына зор міндеттер жүктейді.

Зерттеу мақсаты -Орта мектептің химия курсына оқытуда даралап оқыту технологиясын қолданып, оқушылардың білімі мен біліктілігін қалыптастыру және оқушылардың пәнге деген белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

1. Дифференциацияланған оқыту технологиясының мәнін ашу.
2. Жаңашыл технологияларын қолданудың тиімді әдістері.
3. Мектепте 10 сынып оқушыларымен даралап оқыту әдісін пайдалана отырып сабақ жүргізу.
4. Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашыл тұлға қалыптастыру.

АКТУАЛДЫҒЫ –даралап оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да – нәтижелі оқушы даярлауда болып отыр. Жоғарғы сыныптарда жаңаша оқыту даралап, саралап оқыту технологиясына негізделеді. Өйткені жаңаша оқыту оқушының жеке мүмкіндігіне қарай жұмыс істеуіне, мақсат қою, оны жоспарлау, ұйымдастыра білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауға үйретеді.

Мектепте химия пәнін оқытудың жаңашыл педагогикалық технологияларын қолданып білікті оқушыларды даярлау барысында мектепегі химия курсына оқытып, негізгі ұғымдармен түсініктерді қалыптастыруда жетекші орын алады.

Оқушылардың білім – білік дағдыларын жетілдіру үшін даралап оқыту технологиясын өз тәжірибеме енгіздім.

Даралап оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа технологиялардың бірі болып келеді. Даралап оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.С.Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов көтерді. Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың зерттеулері оқушыны «субъект» ретінде тануға бағытталды. Даралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Даралап оқыту дегеніміз - оқу материалын саралау қиындығы және көлемі әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жүйесін жасау. Оқу топтарындағы оқу үрдісін ұйымдастыру, іс-шараларының жүйесін жасау, әр оқушының жеке бас ерекшелігін ескеру.

Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже

```
graph TD; A[Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже] --> B[Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу]; A --> C[Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.]; A --> D[Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу];
```

Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу

Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.

Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу

Әдістеменің ерекшелігі:

- жекелеу оқыту;*
- қасындағы оқушымен жұптасып оқыту;*
- топпен оқыту;*
- ұжымдық оқыту.*

Оқушыны даралап, әрі саралап оқыту - оқушының физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері негізінде оқыту үрдісі барысында өз мүмкіндігіне сай мәселелерді шешуге, дұрыс қорытындылар жасауға мүмкіндік туады. Егер саралау даралау технологияны химия сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады. Әрбір оқушы оқу процесінің субъектісіне айналуы нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны, білім сапасы артады.

Даралап оқытудың басты бағытының бірі - толықтыра оқыту, яғни үлгерімі төмен оқушыларға қосымша педагогикалық күш жұмсау. Толықтыра оқыту дегеніміз – үлгермеушілікті жою мақсатында өзіндік бағдарламамен оқыту.

Мектепшілік даралап оқытуда елеулі жетістіктерге жету үшін мынандай мақсаттар қою керек

педагогикалық ұжым білім беру мен оқытуда даралаудың теориясы мен әлем педагогикасының іс – тәжірибесімен қаруланған болуы;

нақтылы бағдарлама жасау

материалдық базаның жеткілікті болуы

Мен өз іс–тәжірибемде оқушылардың өздік білімділігін қалыптастыру үшін «Даралап оқыту технологиясын» қолдануды жән көрдім. Осы технология оқушының қабілетін дамытуға, еңбек етуге баулып, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін оятуға тәрбиелейді. Өзін –өзі басқаруын қалыптастырып, байқампаздыққа таратады.

Оған мынадай басты талаптар қойылады:

- әр оқушының еңбектенуі және оның еңбегін пайдаға жарату;
- өзінің еңбегімен қоса басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- өзі оқи отырып, қасындағы оқушыны да оқыту;
- серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп көмектесу;
- әрбір оқушы кезектесіп (ауысып)не оқушы, не мұғалім болады;
- әр оқушы кезек тәртібін сақтап барлығын үйретеді, ал жұп жекеше түрде барлық мүшесін үйретеді;

Бұл технологияның тиімділігі сол, жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.



ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

«Азот және фосфор тақырыбын қорытындылау» тақырыбында даралап оқыту технологияларының ерекшеліктерін пайдалана отырып сабақ өту.

Қазіргі кезде педагогика саласында тың үрдіс белең алып, сабақ жүргізу түрлері әр қилы болып өткізілуде. Соның бір түрі даралап оқыту әдісі.

- *Даралап оқыту технологиясының тәсілдерін пайдалана отырып, оқушыларға бағыт – бағдар беру;*
- *адамдардың арасындағы қатынас өмірдің басты қажеттілігі екенін мойындау;*
- *барлық оқушыға тең мүмкіндік жасау;*
- *әлеуметтік – психологиялық кезеңдерде тиімді әдіске оқушылардың даяр болуы;*
- *Әр оқушымен жұмыс істей білу;*
- *оқу материалын игеруде және іс - әрекеттерінде жете ұғынуға талпындыру;*
- *белгілі бір мәселе шешуде оқушылардың ынтымақтастығын, серіктестігін ұйымдастыру.*

«Азот және фосфор тақырыбын қорытындылау» тақырыбында өткізілген бұл сабақта оқушылар азот және фосфордың табиғатта таралуы, қасиеттері жайлы жалпы мәлімет алады.

Тапсырма:

1. Оқушылар Азот және фосфордың периодтық жүйедегі орны, құрылысы туралы білімдерін жүйелейді, олардың ерекшеліктерін анықтайды.
2. Ең негізін анықтап, талдау жасайды, топтастырады, салыстыруды үйренеді.
3. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырады, бір – бірін сыйлауға тәрбиеленеді. Өз ойларын ашық айтуға дағдыланады.

Бағалау: Мәтінді талдау арқылы Азот және фосфор туралы білімдерін пайдаланып, кестедегі тор көздерді толтырады, топтастырады, Венн диаграммасын толтыру кезеңін жасайды. Топпен, жұппен жұмыс істегенде «СТО» әдісі қолданылады.

Қолданған стратегиялар - ой қозғау, Венн диаграммасы, «СТО» стратегиясы INSERT, химиялық лото ойыны т.б.

Сабақтың барысы.

I кезең. Ой қозғау.

Кесте 1 - «Кім тез, кім жылдам». Бұл кезеңде оқушылар жеке-жеке кестені толтырады.

Элементтің аты	Сипаттамасы, физикалық қасиеті	Химиялық қасиеті	Алу әдісі	Маңызы
Азот				
Фосфор				

II кезең. INSERT (АҚПАРАТТЫ ТАҢДАУ) СРАТЕГИЯСЫ.


Бұл кезеңде оқушылар Фосфор жайлы білгендерін өз беттерінше жеке-жеке толтырады. Берілген мәтінді түсініп, негізгі ойын жазады. Алғашқы қатарға бұрыннан білгендерін жазады, жаңа ақпаратқа өз түсінгендерін толтырады. «Білгім келеді» қатарын толтырғанда оқушылар бір-бірінен білмегендерін сұрайды, кейін ол қатарды мұғалімімен толықтырады.

Кесте 2 - INSERT (АҚПАРАТТЫ ТАҢДАУ) СРАТЕГИЯСЫ

«V» білемін	«+» жаңа мәлімет	«-» білмеймін	«?» сұрақ туды
<p style="text-align: center;"><i>“Бұрыннан білемін”</i></p> <p>Мұнда оқушылар сабақта кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді.</p>	<p style="text-align: center;"><i>“Жаңа ақпарат”</i></p> <p>Бұл жерде оқушылар осы сабақта жаңадан білгенін жазады.</p>	<p style="text-align: center;"><i>“Менің ойлағаныма қайшы”</i></p> <p>Мұнда оқушылар бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы сабақта келтірілген мәліметтерді келтіреді.</p>	<p style="text-align: center;"><i>“Білгім келеді”</i></p> <p>Бұл бағанда оқушылар өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін мәліметтің тұстарын жазады.</p>

Сызба сурет 1 - Химиялық лото ойыны

Парларын тап ? Бос торкөздерге әрбір реакция теңдеуі дұрыс құрылатындай берілген карточкалардағы (үлестіріме) химиялық қосылыстарды дұрыс орналастыру.



Жауаптары: CaC_2 N_2 CaCN_2 C
 2NaCl $2\text{H}_2\text{O}$ Cl_2 2NaOH H_2
 SO_2 2C 2CO S

III кезең. Рефлексия. Текшенің 2- қырына азот пен фосфор жазылып, периодтық жүйенің үлгілесі ілініп, «салыстырыңдар» деген тапсырма ұсынылады. Бұл жерде Венн диаграммасы толтырылады.

Сурет 2 – Венн диаграммасы



Сабақтың соңында оқушылардың іс-әрекеттері, білімдері бағаланады. Үй тапсырмасы оқушылардың деңгейлеріне байланысты даралап беріледі. Жаңа оқыту технологияларын пайдалану оқушылардың белсенділігін, білім сапасын заман талабына сай арттырады. Оқушының талдап, салыстыруға, танымдық қабілетін танытуға, ұмтылдырады.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдайы еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Әрине, артқарылған істер аз емес.